

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

**6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы»
мамандығының**

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

Алматы 2015

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы

Ғылыми дәреже – философия докторы (Ph.D.)
 Материалтану және жаңа материалдар технологиясы
 мамандығы бойынша

1
 (оқыту курсы)

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Техникалық термодинамика модулі	БП 1.2.1.1	MRFD	Фазалық диаграмманы есептеу әдістері	3	1
		БП 1.2.1.2	MTMP	Машинажасау өндірісінің технология менеджменті	3	1
		БП 1.2.1.3	SOSOM	Материалтану аймағын оқытудың қазіргі заманғы жүйелері	3	1
		БП 1.2.2.1	TMSFR	Металды жүйелер термодимикасы және фазалық тепе-теңдік	3	1
		БП 1.2.2.2	SFARM	Материалдарды өңдеудегі құрылымтық-фазалық аспектілер	3	1
		БП 1.2.2.3	TNO	Ғылыми білім беру теориясы	3	1
2	Материалдардың қолдану сипаттамаларын бағалау және жобалау модулі	БП 1.2.3.1	NMHP	Металлургия, химия және қайта өңдеу өнеркәсібінің нанотехнологиясы	3	1
		БП 1.2.3.2	KOZRM	Металдардың бұзылу заңдылығы және бағалау критерийі	3	1
		БП 1.2.3.3	TOPSIOM	Материалтану аймағының зерттеуші мамандарын дайындаудың теориялық негіздері	3	1
		БП 1.2.4.1	PAE	Альтернативті энергетика перспективалары	3	1
		БП 1.2.4.2	MDS	Демпфирлеуші қорытпалар металтануы	3	1
		БП 1.2.4.3	INORM	Материалтанудағы интерактивті ғылыми-білім ресурстары	3	1
3	Материалдар мен қаптамаларды өңдеу және түрлендіру технологиялары модулі	БП 1.2.5.1	VETOM	Материалдардың өңдеудің жоғары энергетикалық технологиялары	3	1
		БП 1.2.5.2	FNM	Функциональдық наноматериалдар	3	1
		БП 1.2.5.3	NPIOSM	Қазіргі материалтану аймағының ғылыми-педагогикалық инноватикасы	3	1
		ПП 2.2.2.1	MOFS	Ерекше физикалық қасиеттері бар материалдар	3	2
		ПП1.2.2.1	PUNM	Материалтанудағы «ұқсастықты» басқару принциптері	3	2
		ПП1.2.2.2	DPTOM	Материалдарды өңдеу технологиясының тәжірибелік дидактикасы	3	2
		ПП 1.2.2.3	FP	Функционалды жабындылар	3	2
		ПП 2.2.2.1	KMZORM	Материалдарды өңдеу	3	2

				оптимизациясы мәселелеріндегі компьютерлік модельдеу		
		ПП 2.2.2.2	EMIFM	Функционалды материлдарды зерттеудің эксперименттік әдістері	3	2
		ПП 2.2.2.3	EMZK	Коррозиядан қорғаудың электрохимиялық әдістері	3	2
		ПП 2.2.3.1	NOPM	Түрлендіру процестеріндегі нанообъектілер	3	2
		ПП 2.2.3.2	OEAO	Коррозиямен күресу жолдарын эксперименттік ұйымдастыру	3	2
4	Құрылымдар мен қасиеттерді қалыптастыру модулі	ПП 2.2.4.1	PUMR	Нанокристалдық құрылымдарды қалыптастырудың ғылыми негіздері	3	2
		ПП 2.2.4.2	PMOM	Материалдар мен қираудың шаршау табиғаты	3	2
		ПП 2.2.4.3	MNMM	Материалдарды өндеудегі прогрессивті әдістер	3	2
5	Жаңа материалдарды алудың ғылыми негіздері модулі	ПП2.2.5.1	NOFNS	Металды материалдарды тозандату әдістері	3	2
		ПП2.25.2	NONFSM	Материалдар қасиеттерін бағытты қалыптастырудың ғылыми негіздері	3	2
		ПП 2.25.3	NMIPSOM	Материалтану аймағының мамандарын дайындаудың ғылыми-әдістемелік инструментариясы	3	2
6	Құрылымдар мен қасиеттерді қалыптастыру модулі	ПП 2.2.6.1	FHNM	Наноқұрылымды материалдардың физика- химиясы	3	2
		ПП 2.2.6.2	SMPPD	Жоғары беріктігімен және демпфирлеумен материалдар алу	3	2
		ПП 2.2.6.3	OIOPI	Беттік инженерия аймағын зерттеуді ұйымдастыру	3	2

MRFD – Фазалық диаграмманы есептеу әдістері – 3 кредит

Пререквизиттері: Фазалық өзгерістерді есептеу әдістері

Оқыту мақсаты: «Фазалық диаграмманы есептеу әдісі» пәнін оқу мақсаты білім алушыларды таныстыру:

- материалдарда кездесетін қорытпалардың фазалық түрлену теориясы негізінде;
- қорытпаның құрылымы және фазалық құрамын қалыптастыру заңдылығына қатысты олардың химиялық құрамы, температурасы, қысымы және өңдеу режимі;
- көпкомпонентті металды жүйенің күй-жай кесте сызбасын болжау және фазалық тепе-теңдікті теориялық әдіспен есептеу.

Қысқаша мазмұны: Кіріспе. Пән, мақсаттары және тапсырмалар. Металды жүйе фазасы. Екі – және үшкомпонентті металды жүйенің фазалық диаграмманың негізгі түрі. Көпкомпонентті жүйенің фазалық диаграммасы. Қорытпаның (фаз) термодинамикалық қасиеті. Термодинамикалық функция. Ерітінді үлгісі. Фазалық тепе-теңдіктің термодинамикалық термодинамикалық шарты. Геометриялық термодинамиканың негізгі әдісі. Temo-Calс және CALPHAD компьютерлік бағдарламасымен фазалық диаграмманы тұрғызу және термодинамикалық функцияны есептеу әдісі. Компоненттің бөлу коэффициентіне тәуелді концентрацияны және температураны қолдану арқылы фазалық диаграмманы есептеу әдісі. Металдағы және қорытпалардағы фазалық түрлену теориясына жаңа тәсіл.

Күтілетін нәтижелер: Арнайы ғылыми пән «Фазалық диаграмманы есептеу әдісі» талап етілген қасиеттің деңгейі бойынша жаңа материалдарды және ғылыми әлемдік деңгейде өңдеу аймағы бойынша құрастыруға болады, сонымен қатар құрылымдарды басқарудың ішкі және сыртқы параметрлерінің өзара байланыстарын талдау. Сұйық және қатты металдарда және қорытпаларда барлық мүмкіндіктегі фазалық өткелдерді тәжірибелі және теориялық зерттеу қорытпаның қасиетін және құрылымын, фазалық құрамын басқаруда ғылыми түрде негізделген. Қазіргі таңда көпкомпонентті металды жүйенің фазалық тепе-теңдігін теориялық зерттеу, күй-жай кесте сызбасын жобалау және есептеу үлкен көлемде келтіріледі. Есептеу әдісі күй-жай кесте сызбасын тұрғызуды теориялық физикада, есептеу техникасы және қорытпалардың физикалық қасиеті және термодинамикалық зерттеудегі жетістіктері бойынша қолдануға болады.

Постреквизиттері: «Фазалық диаграмманы есептеу әдістері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

MTMP – Машинажасау өндірісінің технология менеджменті – 3 кредит

Пререквизиттері: Материалдар сапасы мен сенімділігін басқару.

Оқыту мақсаты: интеграцияланған менеджмент жүйесінің теориялық негіздерін меңгеру, жаңа өнімді шығару кезіндегі ұйымдастыру шараларын және қолданатын әдістер мен түрлерін зерттеп оқып білу.

Қысқаша мазмұны: Кәсіпорын деңгейінде әлеуметтік-экономикалық басқару. Өндіріс технологиясының менеджмент жүйесі. Сапаға байланысты басқарма және ұйымды басқару үшін менеджмент жүйесі. Интегралдық жүйе. Инновациялық және тәуекелділік менеджмент. Өнімнің өмірлік циклі. Өндірістік процесс. Бұйымның конкуренттік айқындамаларының мониторингісі, талдалуы, болжамы. ҚР машинажасау кешенінің әдістерінің, пішіндерінің және жабдықтарының жаңа шаруашылық түріне өтуі. Ұйымдастырулықпен жоспарлау дайындағы, өндірістік циклінің жұмыс ұзақтылығының есебі. өндірістің конструкторлық дайындылығының толықтығын ұйымдастыру және бақылау. Жаңа өнімді шығаруға өту әдістерін жасау. Өндірістің аспаптық қамтамасыздығын ұйымдастыру.

Күтілетін нәтижелер: жоғары сапалы өнімді шығаратын озық әдістерді енгізуді жеделдетуге мүмкіндік беруде қойылатын техникалық деңгейдегі негізгі талаптарға, шикізаттарға, материалдарға, жартылай фабрикаттар мен толымдаушы бұйымдарға сонымен қатар нормалар мен өнімді жобалау және өндіру аймағына талаптар мен әдістер қойылатын негізгі шарттар туралы білімді алу; квалиметрияның әдістері мен негізгі мәселелері туралы мәліметтерді білу; сапаны статикалық әдіспен басқаруды үйрену.

мониторинг құрылғыларымен басқара алуды білу, сонымен қатар негізгі заңнамалық және нормативтік талаптар құрылғылармен басқаруды сараптау мен бағалау, өнімнің жақсарту ұсыныстарын меңгеріпигері.

Постреквизиттері: «Машинажасау өндірісінің технология менеджменті» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

SOSOM – Материалтану аймағын оқытудың қазіргі заманғы жүйелері – 3 кредита

Пререквизиттері: Наносистемалардың жалпы проблемалары

Оқыту мақсаты: ғылыми білімнің теориялық негіздерін және оқытудың заманауи технологияларын меңгеру; материалтану саласы бойынша мамандарды даярлау жүйесіндегі ақпараттық желілік технологияларды қолдану барысында оқытудың заманауи әдіснамаларын зерттеу.

Қысқаша мазмұны: Оқыту жүйесі білім беру технологиясы сияқты. Оқытудың маңызды принциптері бойынша оқыту жүйесін топтастыру. Бакалаврларды, магистрлерді және PhD-докторларды оқыту моделі. Материалтану аймағында мамандарды дайындау ерекшеліктері. Материалтану аймағында мамандарды оқытудың халықаралықтәжірибесі. Оқыту моделін салыстырмалы талдау. Оқытудың қазіргі заманғы технологиялары: эвристикалық технология, тұлғаның творчестволық сапасын дамыту бағытына байланысты үдетпелі технологиясы, өзіндік үдетумен оқыту технологиясы, ой-қызметтің ұжымдық технологиясы, оқытуды оқуды зерттеу сияқты технологиясы, мәселелі-модульді оқыту технологиясы, жобалы-ұйымдастырушылық технологиясы, жобалы-зерттеуші технология. Ақпараттық желілік технологияны қолданумен замануға оқыту әдістемесі. Материалтануда ғылыми білімді таңдау технологиясы. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру технологиясы. Материалтану мамандарын дайындау жүйесінде замануға білім беру технологиясын қолдану мысалдары.

Күтілетін нәтижелер: осы пәнді меңгеру нәтижесінде докторант оқытудың қарқынды дамытушы технологияларын, жеке тұлғаның творчестволық сапасын дамытуға бағытталған өзіндік оқыту технологиясын, ұжымдық ойлау қабілеттік технологиясын, оқытудың оқу-зерттемелі технологиясын, күрделі-модульдік технологиясын, жобалап-ұйымдастыру технологиясын, жобалап-зерттеу технологияларын игеру.

Постреквизиттері: «Материалтану аймағын оқытудың қазіргі заманғы жүйелері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

TMSFR – Металды жүйелер термодимикасы және фазалық тепе-теңдік – 3 кредит

Пререквизиттер: Фазалық өзгерістерді есептеу әдістері

Оқыту мақсаты: пәнді оқытудың мақсаты ол: көпкомпонентті металды жүйелердің күй диаграммаларының фазалық тепе-теңдіктердің есептеудің теориялық әдістерін және болжау жолымен таныстыру; металдар мен қорытпаларда өтетін фазалық өзгерістердің теориясының негізін білу; қорытпалардың химиялық құрамына, температурасына, қысымына, өңдеу режимдеріне байланысты құрылысы мен фазалық құрамын қалыптастыру заңдылықтарын білу.

Қысқаша мазмұны: Пән – n-компонентті жүйелердің күй диаграммаларын салу әдістерін талдайды. Физика-теориялық бағыты түрлі типі бар әртекті ерітінділер, көпторлы орын ауыстыру және ендіру қорытпалары үшін жақын және алыс тәртіпті ерітінділердің физикалық моделдерін құру мен дамытуға негізделген. Сонымен қатар, фазалардың физикалық моделдерінің кең тобындағы инвариантты күй диаграммаларының термодинамикалық есебін, термодинамикалық қасиеттері мен қорытпалардың фазалық біртектілігі бойынша мәліметтер қорының негізіндегі ақпараттармен қамтамасыздандырады. Зерттелетін қорытпалар үшін эксперименттер жүргізу санын азайтып, одан алынған мәліметтердің нақты және ақпараттылығы жоғары болуын қарастырады.

Күтілетін нәтижелер: білуі керек: негізгі химиялық байланыстарды, атомдардың құрылысы мен металдардың қасиеттерін; әртүрлі химиялық байланыс типтері бар заттардың құрылымы мен қасиеттерін; екі және көпкомпонентті байланыстарды; фазалық тепе-теңдік термодинамикасын; қатты

денелердегі құрылымдық ақауларды және олардың қасиеттерін; металдар мен қорытпалар жүретін диффузияны.

Постреквизиттері: «Металды жүйелер термодимикасы және фазалық тепе-теңдік» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

SFARM – Материалдарды өңдеудегі құрылыстық-фазалық аспектілер – 3 кредит

Пререквизиттері: Беріктікті бағалаудың жа-ңа әдістері. Материалдарды өңдеудің басқа-рушы параметрлері

Оқыту мақсаты: Құрылымдық және фазалық өзгерістерінің әсері жағынан берілген қасиеттері бар материалдарды өңдеудің негізгі принциптерімен танысу.

Қысқаша мазмұны: Түрлі бағыттарда жұмыс жасайтын материалдардың қасиеттерінің өзгеруі және құрылым қалыптасу процестеріндегі құрылымдық және фазалық өзгерістер. Құрылымды оптимизациялау – конструкциялық және функционалдық материалдардың сапасы мен қасиеттерін жоғарылатудың негізгі факторлары. Материалдардың құрылымын диспергирлеу тәсілдері және ұсақ түйірді алу. Түйіршіктер өлшемі және пішіні, олардың суықтай сыну, беріктендіру және жарыққа тұрақтылық процестерін басқарудағы ролі, түйіраралық және фазааралық шекаралардың түрлі жағдайлар салдарынан морт қирауы. Жаңа замандағы материалдарды өңдеу кезіндегі механика-химиялық, нанокристалдық технологиялар мен аморфизация. Қазіргі заманғы материалдардың құрылымдық-сезімтал қасиеттерін өңдеу кезіндегі құрылымдық-фазалық өзара әрекеттесудің әдістемелік негіздері және оны тәжірибеде қолдану.

Күтілетін нәтижелер: қазіргі материалдардың құрылымдық-сезімтал қасиеттерін өңдеу кезінде құрылымдық-фазалық өзара әсерлерін тәжірибелік қолдану тәсілдерін және әдіснамалық негіздемелерін ұғыну.

Постреквизиттері: «Материалдарды өңдеудегі құрылыстық-фазалық аспектілер» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

TNO – Ғылыми білім беру теориясы – 3 кредит

Пререквизиттері: Педагогика. Сапаның халықаралық стандарттары

Оқыту мақсаты: ғылыми жұмыстың ұйымдастыру негізінде ғылыми білімнің негізгі категорияны және теориялық негізін ұғыну; докторанттардың диссертациялық зерттеу негізін әдістемелік оқыту; қазіргі заманғы материалтану тапсырмасын шешу кезіндегі зерттеу қызметінің ғылыми аспаптарын еркін түрде меңгеру керек.

Қысқаша мазмұны: Жүйелі білім теориясы негізіндегі зерттелуші құбылыстар. Нақты ғылыми пәндері мен пәнаралық байланыстарда көрсетілетін теориялық білімдердің жүйелі сипаты. Теория құрылысы, ғылыми білімді жүйелеу процесіндегі эмпирикалық және теориялық ұғымдардың ролі. Методологиялық мәселелер жағынан материалдар туралы ғылымдағы теорияның құрылысын, функцияларын және ролін талдау. Қазіргі материалтанудағы методологиялық мәселерінің сипаты. Материалтану саласында мамандарды ғылыми даярлаудың теориялық концепцияларының мәні. Материалтану саласында ғылыми білім ерекшелігін анықтайтын факторлар. Теория мен практика арасындағы байланыс. Қазіргі материалтану саласында өзгеше мәселелерді талдауға арналған әдістемелік ғылыми шаралары мен әдістері.

Күтілетін нәтижелер: пәнді игеру негізінде докторант ғылым құрылымын өте ауыр, білімнің динамикалық жүйесі жүзінде түсіне білуі керек; әдістемелік ізденіс ғылыми түрде жүргізуді үйрету; теориялық білімін және қазіргі таңда дамыту факторларын ескерумен диссертациялық зерттеуді жүргізуде тәжірибелік дағдыларын қолдана білуі.

Постреквизиттері: «Ғылыми білім беру теориясы» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

МННРР – Металлургия, химия және қайта өңдеу өнеркәсібінің нанотехнологиясы – 3 кредит

Пререквизиттері: Материалтанудың фундаментальдық мәселелері

Оқыту мақсаты: оқушылардың ғылыми-техникалық проблемаларының болжамдық түсінігін қалыптастыру және оларды металлургия, химия мен қайта өңдеу өндірісіндегі нанотехнология аймағының тәжірибелік әдістерінің мәселелерін шешуді үйрету.

Қысқаша мазмұны: Жетекші елдер бойынша нанотехнология аймағындағы бастамаларға шолу. Қазақстанның, Ресейдің және ТМО елдерінің металлургиялық, химиялық және қайта өңдеу өнеркәсіптеріндегі нанотехнологиялардың маңызды зерттемелері. АҚШ, Еуропа және Азияның нанотехнологиялық зерттемелері. ҚР нанотехнологияның даму перспективалары. Металлургиядағы нанотехнологияның негізгі даму бағыттары. Ұнтақты металлургия, аморфты күйден нанобөлшектердің кристалдануы, металды шынылар. Наноқұрылымды материалтану. Химиялық және мұнайды қайта өңдеу өнеркәсіптеріндегі нанотехнологиялардың маңызды зерттемелері. Фундаментальные проблемы материаловедения

Күтілетін нәтижелер: ғылым мен өнеркәсіптің әртүрлі салаларында қолданылатын наноматериалдар мен нанотехнологиялардың негізгі бағыттарын, наноматериалдар мен наножүйелерді алу әдістерін, химиялық өндірістегі нанотехнологияның ролін білу. Алған білімдерін жаңа материалдарды өңдеу кезінде қолдану, сонымен қатар оларды белгілі наноматериалдарда пайдалы қолдануын білу.

Постреквизиттері: «Металлургия, химия және қайта өңдеу өнеркәсібінің нанотехнологиясы» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

КОЗРМ – Металдардың бұзылу заңдылығы және бағалау критерийі – 3 кредит

Пререквизиттері: Материалтанудың фундаменталдық мәселелері

Оқыту мақсаты: жұмыс жағдайында және бұзылу кезінде конструкциялық материалдардың күйін бағалау белгілері туралы білімді алу; машина мен механизмдерін апатсыз пайдаланудың ұзақтылығы мен жұмыс қабілеттілігін білу; әсер ететін факторларды зерттеу; зерттеу кезіндегі қолданатын әдістер мен әдіснамалар туралы мәліметтерді білу.

Қысқаша мазмұны: «Қирауды бағалау критерийлері мен заң-дылықтары» пәнінде сыртқы факторлардың конструкциялық материалдардың кернеулік күйіне және машиналар мен механизмдерді пайдалану ұзақтылығына ықпалы оқытылады.

Пәнді оқыту мақсаты конструкциялық материалдардың нормалдық жұмыстық жағдайы мен қирау процесіндегі күйін бағалау критерийлерін, машиналар мен механизмдердің пайдалану қасиеттеріне, жұмыс істеу қабілеттілігі мен қираусыз пайдалану ұзақтылығына ықпал ететін факторларды оқып үйрену, күйді зерттеу кезінде қолданылатын әдістер, әдістемелер және жабдықтар бойынша мәліметтер беріледі.

Күтілетін нәтижелер: бақыланатын объектілердің техникалық жағдайын бағалау кезінде материалдардың бұзылу түрлерін біліп ұғыну, олардың пайдалану мүмкіндігі мен қауіпсіз жұмыс істеу мерзімін анықтауды білу; бақыланатын объектінің ақауларын зерттеу; бақылау әдістерін қолдануда физика, материалтану және басқа да пәндер аймақтарынан алған білімдерін еркін қолдану.

Постреквизиттері: «Металдардың бұзылу заңдылығы және бағалау критерийі» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

ТОПСИОМ – Материалтану аймағының зерттеуші мамандарын дайындаудың теориялық негіздері – 3 кредит

Пререквизиттері: Педагогика

Оқыту мақсаты: зерттеуші маманды дайындау негізіндегі зерттеу қызметінің әдістемелік оқыту, сонымен қатар, наноматериалдар мен нанотехнологиялар туралы ғылымдарды оқытуда зерттеушілік тәсілдерді қолдануды қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны: Зерттеу жұмысының ғылыми-педагогикалық негіздерін оқыту. Ғылыми бағытталған оқыту принциптері. Ғылыми зерттеу түрлері, ғылыми ізденістің процедуралары мен кезеңдері. Наноғылымның негізгі сұрақтары. Ғылым дамуының методологиялық қиындықтары. Ғылыми зерттеудің методологиясы мен теория элементтері, танымның және танымның ғылыми жүйелер анализінің әдістері. Наноғылымның әдістемелік қиындықтары. Наноматериалдардың құрылым қалыптасуының теоретикалық негіздері. Құрылымды, қасиеттерді және алу технологиясын зерттеу әдістемесі. Наноқұрылымды материалдарды классификациялау. Наноматериалдарды алу физико-химиясы. Наноматериалдарды «томеннен-жоғарыға» механизмі бойынша қалыптастыру. Наноматериалдарды «жоғарыдан-төменге» механизмі бойынша қалыптастыру. Ғылыми эксперименттеу: дәстүрлі эксперимент және жобалау принциптеріне негізделген эксперимент. Зерттеу дайындығының педагогикалық жобалануын «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы үлгісінде құру.

Күтілетін нәтижелер: пәнді меңгеру барысында докторанттар ғылыми ізденістің әдістемелік негіздеріне ие болуы қажет; зерттеуші маманды дайындау саласында ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру; ғылыми мәселелерді шешу кезінде нанотехнологиялар саласындағы теоретикалық білімін және тәжірибелік икемділігін жеңіл қолдана алу қабілеттілігі.

Постреквизиттері: «Материалтану аймағының зерттеуші мамандарын дайындаудың теориялық негіздері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

РАЕ – Альтернативті энергетика перспективалары – 3 кредит

Пререквизиттері: Наносистемалардың жалпы проблемалары. Материалдар сапасын және сенімділігін басқару.

Оқыту мақсаты: білім алушылардың болжамды ғылыми-техникалық проблемаларын шешу жолдарын таба алуға және оларды альтернативті энергетика аймағында тәжірибелік әдістері мен шешімдерін қолдануға үйрету.

Қысқаша мазмұны: Энергия көзінің топтамасы. Энергияның жаңартылмайтын және жаңартылмалы көздері. Энергияны алудың, берудің және қолданудың перспективалы тәсілдері. Желді энергетика. Биоотын. Гелио-энергетика. Күнді электрстанциялар. Күнді батареялар. Альтернативті гидроэнергетика. Теңізді құйылу энергиясы. Геотермальды энергетика. Найзағалы энергетика. Басқарылатын термоядролық синтез. Сутекті энергетика. Жаңартылатын энергияның экологиялылығы және экономдылығы. Нақты альтернативті энергетика перспективалары

Күтілетін нәтижелер: энергиялардың жаңартылатын көздері туралы және оларды алу әдістері туралы білім алу; тәжірибеде ғылымның альтернативті энергетикасы (желэнергетикасы, биожанармай, гелио-энергетика) туралы заманауи түсініктерін қолдану; берілген тақырып бойынша ғылыми-техникалық ақпараттарды жинақтап сараптау және зерттеу икемділіктерін көрсете білу.

Постреквизиттері: «Альтернативті энергетика перспективалары» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

MDS – Демпфирлеуші қорытпалар металтануы – 3 кредит

Пререквизиттері: Физикалық материалтану. Материалдар сапасын және сенімділігін басқару.

Оқыту мақсаты: жоғары демпфирлеуші материалдарды өңдеудің негізгі принципі және жоғары демпфирлеудің зерттеу механизмі.

Қысқаша мазмұны: Амплитудаға байланысты емес ішкі үйкелістер. Релаксация механизмдері. Ішкі үйкелістер фоны. Амплитудаға байланысты ішкі үйкелістер. Ену қатты ерітінділеріндегі энергияның

шашырау механизмдері. Металдарда энергияның микропластикалық шашырауы. Энергияның дислокациялық шашырау теориясы. Микропластикалық және магнитті-механикалық сейілуі. Жоғары демпфирлік қасиеті бар аустенитті болаттар. Гетерогенді құрылымы бар демпфирлеуші металды материалдар (шойындар, қорғасынды қолалар, алюминийдің қалайымен және мырышпен қорытпалары, ұнтақты псевдоқорытпалар және басқалары).

Күтілетін нәтижелер: білуі қажет: жоғары демпфирлеудің механизмін, жоғарғы демпфирлеуші материалды өңдеудің негізгі принциптерін; перспективті материалдар, олардың негізгі физика-механикалық және технологиялық қасиеттерін; материалдың демпфирлеуші қабілетін өлшеу үшін құрылғы және қолдану әдістемесі; материалды нақты тағайындау бойынша тапсырмаға демпфирлеуші материалды қолдану.

Постреквизиттері: «Демпфирлеуші қорытпалар металтануы» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

INORM – Материалтанудағы интерактивті ғылыми-білім ресурстары – 3 кредит

Пререквизиттері: Педагогика

Оқыту мақсаты: ақпараттық желілі технологиялардың жүйелердің құрамдас бөлігі ретінде интерактивті арақашықтық технологияны оқыту, сонымен қатар қазақстандық ғылыми мектептерінің ғылыми-білім беру потенциалдарын зерттеу жолдарын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны: Ашық білім беру жүйесі: мазмұндық мәні. Ақпараттық білім беру технологиялары. Интерактивті алшақтық технологиялар білім жүйесінің құрамды бөлігі. Шет елде білім алуды дамыту тенденциясы. Біртұтас ақпараттық кеңістікте функционаланылатын нормативті – құқықтық актілердің жалпы базасы. Ақпараттық желілік технологияны қолданумен замануға оқыту әдістемесі. Интекактивті ресурстарды ұйымдастыру топтамасы мен моделі. Материалтану аймағында электрондық (e-learning) оқыту мүмкіншіліктері мен ерекшеліктері. Алшақ оқыту процесінің мысалында оқу әдістемелік материалдарды талдау. Материалтану аймағында пәнді-бағытты контекстің сапа критерийі. on-line ақпараттық ресурс режимінің ұйымдастыру (материалтану аймағындағы оқу курстарын; Қазақстанның ғылыми мектептерінің ғылыми-білім беру потенциалын; оқу on-line әдістемелік қамтамасыз ету қорында; оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу әдістемесі). Интерактивті өзара әсерлесу мүмкіншіліктері мен артықшылықтары.

Күтілетін нәтижелер: осы пәнді оқытуда докторанттар негізгі әдіснамалық ғылыми ізденістерді игеріп, зерттеуші-мамандарды дайындау аймағындағы ғылыми-педагогикалық түсініктерін меңгеріп алуы қажет; ғылыми мәселелерді шешу кезінде нанотехнология аймағында теориялық білімдерін және тәжірибелік іскерліктерін еркін қолдана білуі тиіс.

Постреквизиттері: «Материалтанудағы интерактивті ғылыми-білім ресурстары» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

ВЕТОМ – Материалдардың өңдеудің жоғары энергетикалық технологиялары – 3 кредит

Пререквизиттері: Наносистемалардың жалпы проблемалары. Материалдар сапасы мен сенімділігін басқару.

Оқыту мақсаты: жаңа функционалдық материалдардың құрылымдарының түзілу заңдылықтарын қалыптастыру және қазіргі заманғы Материалдарды өңдеудің жоғары энергетикалық технологияларын жасаудың замануға теориялық және эксперименттік материалтануының маңызды мәселелері шешу, сонымен қатар берілген қасиеттерімен материалдар дизайнының принциптерімен, оны жасаудың жаңа жолдарымен танысу.

Қысқаша мазмұны: Энергияның жоғары модульді көздері. Материалдарды лазерлі өңдеу. Беттік

термиялық беріктендіру. Ұнтақты жабындыларды плазмалық тозаңдату. Болаттарды жоғары жиілікті испульсті өңдеу. Материалдарды радиациялық (электронды-сәулелітехнология) өңдеу. Материалдарды жарылыспен өңдеу. Жарылысты пісіру. Жарылыспен материалдарды плакирлеу. Жарылыспен металды беріктендіру. Алмасды синтездеу және соққылы толқынмен аса қатты материалдар регенерациясы. Бөлшектерді жоғары энергетикалық өлшемді ультрадыбысты өңдеу. Кедір-бұдырлықты азайту үшін беткі қабатты модифицирлеу.

Күтілетін нәтижелер: доктранттар осы пәнді оқу барысында мынаны білуі керек: функциональдық материалдардың физика-механикалық, беттік, электромагниттік қасиеттерін; функциональдық материалдардың, соның ішінде нанобөлшектер мен наноқаптамаларға қатысты берілген құрылым мен қасиеттерін қамтамасыз ететін материалдар құрылымы мен олардың технологиялық процестерімен өзара негізгі байланыстарын.

Постреквизиттері: «Материалдардың өңдеудің жоғары энергетикалық технологиялары» пәнінен алған білімдерін доктранттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

FNM – Функциональдық наноматериалдар – 3 кредит

Пререквизиттері: Наносистемалардың жалпы проблемалары. Материалдар сапасын және сенімділігін басқару.

Оқыту мақсаты: нанотехнология мен наноматериалдар аймағында ғылыми-техникалық мәселелер және оларды шешудің тәжірибелік әдістері туралы білім алушыларда болжамдық түсінікті қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны: Нанотехнологияның негізгі бағыттары. Құрылымы, функциональдық қасиеттері және қолданылуы бойынша функциональдық материалдар жүйесі. Наноматериалдардың физика-химиялық ерекшеліктері. Наноқұрылымды қатты қорытпалар. Интеллектуалды конструкциялық материалдар. Электрэнергетикасы, атомды және сутекті энергетика үшін функциональдық наноматериалдар. Микро- және наноэлектроника үшін материалдар. 2-дәуірдің жоғары температуралы асқын өткізгіштері. Магнитті наноматериалдар. Көміртекті наноқұрылымдар. Медицина үшін наноматериалдар. «Ақылды» материалдар. Функциональдық жабындылар.

Күтілетін нәтижелер:

Пәнді оқу барысында доктрант білуі қажет:

- ғылым және техника саласында қазіргі заманғы құрылғыларды жасауға арналған арнайы қасиеттерімен функционалды материалдарды алу технологиясы мен перспективті процестерін дайындау, әдіснамалық әдістері мен принциптері туралы білуі;
- тәжірибе жүзінде қазіргі заманғы материалдар туралы ақпаратпен қызмет ете білуі, материалдың қоршаған ортамен әсерін; технологиялық, экономикалық, ұзақтылығы мен сенімділігін, оларды қолданудың экологиялық әсерін ескере отырып, берілген тасымалдау шартына арналған материалдарды таңдауын;
- зерттеу тақырыптарына бойынша ғылыми – техникалық ақпараттарды жалпылау және ақпараттарды жинап, талдауды.

Постреквизиттері: «Функциональдық наноматериалдар» пәнінен алған білімдерін доктранттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

NPIOSM – Қазіргі материалтану аймағының ғылыми-педагогикалық инноватикасы – 3 кредит

Пререквизиттері: Материалтанудың фундаменталдық проблемалары

Оқыту мақсаты: білім алушылардың педагогикалық жаңартушылық туралы білім беруде жаңалықты ашу, ендіру, меңгеру және пайдалану туралы ғылым ретінде оқыту, жаңа енгізулер типтері, жаңартпашыл білім беру ерекшеліктері, әртүрлі деңгейлерде – оқыту пәнінен мемлекетте білім беруді жаңартуға дейін педагогикалық жаңалықтарды жобалау және іске асыруды оқыту.

Қысқаша мазмұны: Ғылыми және педагогикалық инноватикасы жүзінде білім берудің мазмұны, оны талдау, негіздеу және жобалау. Ғылыми принциптер, аппараттық ұғымдары, шаралары, ғылыми және педагогикалық инноватиканың қолдау мүмкіндіктерінің шектері. Техникалық білім беру саласындағы педагогикалық инновациялар, білім жүйесі және оған сәйкес қызметтер. Әлемдік практикасын игеру тәжірибесі. Қазіргі материалтану саласындағы ғылыми және педагогикалық жаңа енгізілімдердің әдістемелік аспектілері. Материалтану саласындағы пәндерді оқыту процесінде ғылыми және педагогикалық жаңа енгізілімдерді бағалау және қолдау. Педагогикалық инновациялармен бірге материалдардың құрылысы мен қасиеттерін білу әдістері (модельдеу, жобалау және т.б.).

Күтілетін нәтижелер: пәнді меңгеру нәтижесінде докторанттар педагогикалық инновацияны іске асыру механизмдерін, инноватикалық білім беру қызметін, педагогикалық жаңартушылықтарды жобалау және іске асыру және инноватика-педагогикалық қызметтің рефлексия туралы білуі тиіс.

Постреквизиттері: «Қазіргі материалтану аймағының ғылыми-педагогикалық инноватикасы» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

MOFS – Ерекше физикалық қасиеттері бар материалдар – 3 кредит

Пререквизиттері: Наносистемалардың жалпы проблемалары. Жаңа материалдар.

Оқыту мақсаты: жартылай өткізгішті құрылғылар мен аппараттарды үшін материалдарды алудың негізі болатын кең температуралық аумақта өткізуші және жартылай өткізуші материалдардың электрфизикалық қасиеттері мен параметрлерін оқып білу.

Қысқаша мазмұны: Металдар мен қорытпалар құрылысының физикалық негіздері. Конструкциялық материалдарды қасиеттері бойынша топтастыру. Ерекше физикалық қасиеттерімен материалдар. Магнитті-жұмсақ және магнитті-қатты қорытпалар. Парамагнитті болаттар. Аморфты қорытпалар. Ерекше электрлік қасиеттерімен қорытпалар. Жоғары электркердегісімен қорытпалар. Электрлі- және радиотехникалық керамика. Жартылай өткізгішті материалдар және монокристалдар. Жоғары температуралы асқын өткізгішті материалдар. Формасын сақтау эффектісі бар қорытпалар. Ерекше физикалық қасиеттері бар прецизиондық қорытпалар. Аз термосерпімді коэффициентімен қорытпалар.

Күтілетін нәтижелер: пәнді оқыту барысында докторанттар мынаны білуі керек:

- материалтану аймағында ерекше қасиеттерімен жаңа материалдарды алу және оларды тәжірибеде қолдану принциптерін және материалдар артықшылықтарын әдіснамалық тұлғада түсініп, білуі;
- қазіргі заманғы ерекше физикалық қасиеттерімен материалдарды алудың тиімді әдістерін және оларды диагностикалау әдістерін білуі керек.

Істей алуы керек:

- ғылыми және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін алған базалық ғылыми-теориялық білімдерін қолдана алуы;
- кәсіби қызметімен байланысты теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін логикалық, творчестволық және жүйелік танымдарын қолдана алуы;
- кәсіби қызметінің мәселелерін нақты ұғынып, шеше алуы керек.

Постреквизиттері: «Ерекше физикалық қасиеттері бар материалдар» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

PUNM – Материалтанудағы «ұқсастықты» басқару принциптері – 3 кредит

Пререквизиттері: Материалдарды өңдеудің басқарушы параметрлері. Құйма материалдар және технологиялар

Оқыту мақсаты: материалдарды алу және оларды өңдеудің барлық технологиялық сатыларының жағымды және жағымсыз ұқсастықтарды жою туралы білімдерін және икемділіктерін қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны: «Ұқсастық» – объектілердің бастапқы күйінің тұрақты белгілерін сақтау қасиеті. Ұқсастықтың түрлері – металлургиялық, құрылымдық, фазалық, деформациялық, түйір шекаралық. «Шихта-балқыма-құйма» жүйесіндегі сұйық және қатты фазалық айналулардың құрылым және қасиеттерін ұқсастығын беру. Заттардың қатты және сұйық күйіндегі құрылымы мен қасиеттерінің арасындағы байланыс. Металдық балқымалардың моделі және әртекті бір фазалық (таза компоненттер) және екі фазалық (қатты ерітінділер, химиялық қосылыстар, эвтектика) жүйелердегі ұқсастықты алып жүрушілер. Өнеркәсіптік металдар мен қорытпалардың сапасы мен қасиеттерін жоғарылатудың жаңа технологияларындағы ұқсастықты басқару тәсілдері.

Күтілетін нәтижелер: өндірісілік металдар мен қорытпалардың сапасын және қасиеттерін жақсарту бойынша жаңа технологияларда ұқсастықты басқару тәсілдерін білу.

Постреквизиттері: «Материалтанудағы «ұқсастықты» басқару принциптері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

DPTOM – Материалдарды өңдеу технологиясының тәжірибелік дидактикасы – 3 кредит

Пререквизиттері: Педагогика

Оқыту мақсаты: технологиялық білім мен дағдыларын бекіту, материалдарды өңдеу бойынша алған дағдылары мен әдістерін жетілдіру, жоғары оқу орнының білім беру және кәсіби технологиялық қызметке дайындық тәжірибесін алу.

Қысқаша мазмұны: Материалды өңдеу технологиясы бойынша оқытудың дидактикалық негіздері. Материалтану ғылымында қолданылатын дидактика. Дидактикалық принциптер, оқу теориялары мен шаралары. Материалды өңдеу технологиясы саласындағы білім берудің іскерлік мазмұны. Бағдарламалық, мәселелік, эвристикалық, өнімді және т.б. оқу формалары мен әдістері. Материалды өңдеу технологиясы саласындағы ғылыми пәндерінің фундаменталдық және арнайы білімдерге негізделген, практикаға бағытталған зерттеу жұмыстары оқыту тәсілдері. Ой-талқы, жобалық тапсырмалар, тренинг, тестілеу және т.б. технологиялары.

Күтілетін нәтижелер: материалдарды алу және өңдеу технологиялық процесін және оларды дамыту болашағының мүмкіндіктері туралы білім алу, сонымен қатар болашағы бар материалдарды жобалау және өндірудің қазіргі технологиялары; техникалық сауаттылықты тәрбиелеу және техникалық шеберлілік нысандарымен жұмыс жасау үрдісінде креативтілік, дербестік және белсенділікті дамыту

Постреквизиттері: «Материалдарды өңдеу технологиясының тәжірибелік дидактикасы» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

FP – Функционалды жабындылар – 3 кредит

Пререквизиттері: Наносистемалардың жалпы проблемалары

Оқыту мақсаты: қорғаныш, қорғаныштық-әсемдеу және арнайы қызметтік қаптамалардың негізгі қасиеттері, алу әдістері және қолданылуымен танысу және зерттеу; қаттылығы мен қажуға тұрақтылығын жоғарылату, антифрикциялық қасиеттерін, беттік электр өткізуді жақсарту және т.б. үшін қаптама материалын таңдау және оларды жабу шарттары.

Қысқаша мазмұны:

Функционалды жабындылардың түрлері. Өр-түрлі беттерге арналған жабындылар. Өртүрлі қолданылуымен функционалды жабындылар-ды зерттеудің қазіргі күйі. Көпфункционалды наноқұрылымдық қабыршақтар. Қабыршақ алудың әдістеріне шолу жасау. Трибологиялық жабындылар. Медицина саласындағы жабындылар. Өздігінен майлану жабындылары. Жылу өткізгіш жабындылары.

Қызуға төзімді, коррозияға және жоғары температуралық тотығуға тұрақты жабындылар. Акустика-оптикалық жабындылар. Жабындыны түсіру технология-лары. Лазерлік сәулелену арқылы композициялық жабындыларды алудың технологиялық негіздері. Беттік топография. Беттік топографияны зерттеу әдістері.

Күтілетін нәтижелер: «Функционалдық қаптамалар» пәнін меңгеру нәтижесінде білі алушы білімінің келесі нәтижелеріне ие болуы тиіс: ғылым мен техникадағы негізгі заңдылықтарды, жаңа материалдар мен қызметтік қаптамалар технологиясының даму сатыларын білуі; қызметтік қаптамалар саласында ғылыми зерттеудің және техникалық өңделменің әдістемелік негіздемесін дайындай білуі тиіс

Постреквизиттері: докторант «Функционалды қаптамалар» пәнінен алған білімдерін ғылыми-зерттеу жұмысында, докторлық диссертациясын дайындау және жазу барысында және әрі қарай кәсіби қызметінде қолдана алады.

KMZORM – Материалдарды өңдеу оптимизациясы мәселелеріндегі компьютерлік модельдеу – 3 кредит

Пререквизиттері: Материалтанудағы негізгі мәселелер. Материалтанудағы компьютерлік модельдеу

Оқыту мақсаты: математикалық модельдеу және материалдар мен процестерді оңтайландыру әдістері бойынша білім алу, материалтануда компьютерлік модельдеудің тәжірибелік дағдыларын меңгеру және материалдар көрсеткіштерін тексеру, өңдеу және оңтайландыру процестерін өндірістегі тәжірибелер барысында емес, тікелей компьютерде меңгеру.

Қысқаша мазмұны: «Материалдарды таңдауды оңтайландыру мәселелерін компьютерлік модельдеу» пәні машина тетіктерінің қолдану жағдайын, жұмыс істеу және жүктеу тәртібін ескере отырып, оларды жасауға қажетті материалдардың оңтайлы көрсеткіштерін анықтау үшін қолданылатын компьютерлік моделдермен таныстыруды және оларды қолдануға үйретуді қарастырады. Пәнді оқыту мақсаты: материалдар көрсеткіштерін тексеру, анықтау мен оңтайландыруды өндіріс жағдайында өткізілетін зерттеулер арқылы емес, компьютердің көмегімен атқаруды меңгеру. Мұндай моделдерді пайдалану арқылы материалды таңдауға жұмсалатын уақытты едәуір қысқартуға, өндірілетін машина тетіктерінің сапасын жақсартуға және оларды жасауға жұмсалатын шығындарды азайтуға болады.

Күтілетін нәтижелер: пәнді меңгеру нәтижесінде негізгі математикалық есептеулерді – интегралдау, дифференциалдау, сызықты және трансцендентті теңдіктер мен теңдіктер жүйесін ЭЕМ көмегімен шешу әдістерін, математикалық модельдерді тұрғызу принциптерін, математикалық модельдердің негізгі түрлерін білуі тиіс және математикалық есептерді негізгі сандық шешу әдістерін қолдануды, есептеуіш есептерін шешу үшін алынатын нәтиженің қажетті дәлділігін ескере отырып, алгоритмдер мен бағдарламалар жасау, математикалық модельдерді зерттеу аналитикалық әдістерін таңдай білуі тиіс.

Постреквизиттері: докторант «Материалдарды өңдеу оптимизациясы мәселелеріндегі компьютерлік модельдеу» пәнінен алған білімдерін ғылыми-зерттеу жұмысында, докторлық диссертациясын дайындау және жазу барысында және әрі қарай кәсіби қызметінде қолдана алады.

EMIFM – Функционалды материалдарды зерттеудің эксперименттік әдістері – 3 кредит

Пререквизиттері: Физикалық материалтану. Материалдардың сапасы мен сенімділігін басқару

Оқыту мақсаты: мақсаттық негіздерге терең үңілу, функционалды материалдарды зерттеудің қазіргі заманғы әдістерінің тәжірибелік мүмкіндіктері мен шектеулері; түпкі мәселелерді болжау танымының қалыптасуы және оларды қазіргі заманғы материалтану саласында шешудің практикалық әдістері.

Қысқаша мазмұны: Материалдардың коррозиялық процестерінің әр түрлі ортадағы ерекшеліктері. Материалдарды әр түрлі орталардың коррозиялық әрекеттесуінен қарқынды қорғаудың негізгі әдістері. Анодты және катодты поляризациялық процестер. Анодты қорғау әдістері. Коррозияға

тұрақты легірленген болаттар. Оксидтеу әдістері. Сыртқы токты катодты қорғау әдістері. Анодты жерлендірушілер. Қорғау потенциал-дары және токтың қорғау тығыздылығы. Металдарды коррозиядан протекторлық қорғау. Протекторлар мен активаторлар. Электрсулан-дырудан қорғау. Материалдардың коррозиясын белгілі өзара әрекеттесуге байланысты зерттеу, бақылау және болдырмаудың оптималды әдістерін таңдау.

Күтілетін нәтижелер: алға қойған мәселелерді шешудің дұрыс зерттеу әдісін таңдау дағдысын қалыптастыру, қолда бар жиынтық материалдарды салыстыра талдау негізінде қорытынды жасауды үйрену, таңдап алған зерттеу бағытына сай қазіргі заманғы зертханалық жабдықтарды өз бетінше қолдану.

Постреквизиттері: «Функционалды материалдарды зерттеудің эксперименттік әдістері» пәнді оқу барысында алған білімдерін докторант ғылым-зерттеу жұмысын орындау кезінде және кәсіби әрекет ретінде докторлық диссертацияны дайындауда, әрі жазу кезінде де қолдануына болады.

EMZK – Коррозиядан қорғаудың электрохимиялық әдістері – 3 кредит

Пререквизиттері: Материалтанудың фундаменталдық проблемалары

Оқыту мақсаты: коррозияға – белсенді және бәсеңді орталарда жұмыс істейтін жабдықтың функциональдық сенімділігін қамтамасыз ету бойынша теориялық және тәжірибелік сұрақтарын өзбетінше шешуге докторанттарды даярлау.

Қысқаша мазмұны: Пән – конструкция мен жабдықтарды коррозиядан қорғау әдістерінің қазіргі заманғы күйі. Металдар мен қорытпалардың түрлі орталардағы жүрісін талдау, коррозияға механикалық, электрохимиялық және металлургиялық факторлардың әсері туралы нақты мәліметтер және қазіргі ұсыныстары. Әсер ету механизмі бойынша коррозиядан қорғау әдістері мен тәсілдерінің, электрохимиялық қорғау әдістері-нің, ингибирулеудің және әртүрлі қорғау жабыныстары тәсілдерінің топтамасы. Коррозиядан қорғау жабдықтары. Ғылыми зерттеу негіздері және әдістемесі. Экспериментті ұйымдастыру және жобалау. Ғылыми мәселелер. Эмпириялық зерттеу әдістері. Зерттеудің индуктивті әдістері және гипотезасы. Зерттеудің статистиалық және ықтималдық әдістері. Экспериментті берілген-дерді қорытындылау және талдау.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу барысында докторант білуі қажет:

- әр түрлі орталардағы коррозиялық процестердің жүруінің ерекшеліктері туралы; коррозия жылдамдығын бақылау мен бағалаудың негізгі әдістерін; тасымалдау шартына қарай конструкциялық материалдарды таңдауды; жабдықты коррозия әсерінен электрохимиялық қорғау әдістерін;
- ағымдық коррозиялық процестерге талдауды жүргізе алуы; ғылыми – тәжірибелік және ғылыми – зерттеу саласында пайда болатын тапсырмаларды қалыптастыру және шешуді; коррозиялық әсердің нақты шарттарына сүйене, коррозияның алдын –алу мақсатында жабдықтың сенімділігін бағалау және бақылаудың, зерттеулердің оптималдық әдістерін таңдауды.
